

ПІКІР

отандық ғылыми кеңесшінің докторант Г.К. Мусаеваның диссертациялық жұмысына: «**Солтүстік Қазақстан аймағында голштин сиырларының өнімділік ұзактығын арттыру**», 6D080200-мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған.

Сүтті малдың өнімділік ұзактығы оның өмір бойы сүт өнімділігімен қатар үрпақ беруімен бірге сипатталатын маңызды белгілердің бірі болып саналады. Мал шаруашылығында малдың бүкіл өмірлік циклін шаруашылық және биологиялық түрғыдан екі негізгі кезеңге бөлуге болады: дайындау және пайдалану. Бірінші кезеңнің міндеті - толыққанды мал өсіру, екінші кезең - максималды өнім алу. Малдың генотипі барлығын айқындалап, жоспарлауга жол салады, ал қоршаған орта жағдайлары арқылы жағдайын жақсартуға ықпал жасалынады.

Жүргізілген жұмыстар қазіргі таңда өте актуалды тақырыптардың бірі. Жұмыстың мақсаты Солтүстік Қазақстан аймағында голштин тұқымды сиырлардың өнімділік ұзактығын зерттеу және олардың шаруашылық пайдалану мерзімін арттыруға ықпал ететін генотиптік және фенотиптік факторларды анықтау болып табылады.

Диссертацияда «Бек+» мал табынының селекциялық-генетикалық параметрлерін, шығу тегіне байланысты сиырлардың сүт өнімділігі мен өнімділік ұзактығына генотиптік факторлардың әсерін анықтайды. Сонымен қатар, фенотиптік факторлардың сүт өнімділігіне және өнімділік ұзактығына әсері көрсетілген, репродуктивті сапалықтарын өнімділік ұзактығына әсері зерттеліп, өнімділік ұзактығының жоғары өнімді ірі қара малының өсіруде экономикалық тиімділігі және рацион құрамындағы премикс пен витаминді-минералды қоспаларды кешенді қолданудың сүт өнімділігіне әсерін анықталған. Алғаш рет Қазақстанның солтүстік аймағында голштин сиырларының сүт өнімділігіне, репродуктивтік қасиеттеріне және онімділік ұзактығына аталақ ізінің, сондай-ақ жеке тұқымдық бұқалардың аталаған белгілірге әсерін анықтан бір бірімен байланыстарын салыстырмалы түрде зерттелініп баға берілді. «Бек+» ЖШС жағдайында голштин сиырларының тірі салмағын және шаруашылық пайдалану ұзактығын ескере отырып, ұрықтандырудың онтайлы жасы белгіленді. Қостанай облысындағы голштин тұқымының жекелеген аталақ ізі бойынша сүт өнімділігін, өсімін молайту мен сапасын, өнімділік ұзактығына экономикалық тиімділігі айқындалды.

Зерттеу биоэтика комитетінің ережелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық биотехнология орталығы» РМК жергілікті этикалық комиссия 25 қыркүйек 2017 ж. отырысының №6 хаттамасына сәйкес жүргізілді. Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында АР - 05135046 «Жоғары өнімді отандық сиырлардың өнімділік ұзактығын арттырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру» аясында жүзеге асырылды. Мемлекеттік тіркеу номірі №0118RK00398 және Қостанай облысы, Федоров ауданы, Лесное ауылындағы "Бек+" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

тауарлық-сүт фермасында жүргізілді. Алынған мәліметтер сүтті малды, атап айтқанда Қостанай облысының континенталды климаты жағдайында өсірілетін голштин тұқымын іріктеу және осы аталған өнірге байланысты күтіп багу технологиясын зерттеу үлкен ғылыми тұрғыда маңызды роль атқарып, тәжірибеде қолдануды айтарлықтай көнегейтеді және тереңдетеді.

Эксперимент негізінде алынған мәліметтер сүт өнімділігі деңгейінің тәжірибеге алынған аналықтардың денсаулығына, репродуктивтік қасиеттеріне өнімділік ұзақтығын және аталық ізіне тәуелділігін раставуға мүмкіндік берді.

Зерттеулер мен қорытындылар мен қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, ғылыми зерттеулердің қисынды қорытындысы болып табылады және орындалған жұмыс бейініне сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста жана ғылыми негізделген зерттеу нәтижелері бар. Ол алынған нәтижелердің теориялық және практикалық құндылығын сәтті үйлестіреді. Барлық эксперименттік материалдар қажет болған жағдайда сенімділік критерийін анықтай отырып, вариациялық статистика әдісімен өндөліп, логикалық мағыналы, дәйекті түрде баяндалған және негізделген. Жұмысты орындау барысында докторант мақсаткерлік, табандылық, кәсіби сауаттылық танытып, заманауи ғылыми жабдықтарды пайдалана білді.

Жұмыста алғаш рет Қостанай облысындағы голштин тұқымының әртүрлі аталық ізіне тиесілі асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін зоотехниялық, табиғи және экономикалық факторларды ескере отырып кешенді бағалау жүргізілді, еліміздің Солтүстік аймағында сүтті ірі қара малының өнімділік ұзақтығын арттыру бойынша ғылыми негізделген жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Алынған жаңа ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен қорытындылар зоотехникалық ғылымды фермерлік, шаруа және шаруашылық жүргізуінің басқада нысандары жағдайында сүтті мал шаруашылығын жүргізу жөніндегі эксперименттік деректермен толықтыратыны сөзсіз.

Зерттеу нәтижелері Қостанай облысы Федоров ауданының "Бек+" ЖПС жұмысына енгізілді. Сондай-ақ, осы құрылымдық бөлімше басшысының қолымен расталған оқу процесіне және өндіріске енгізу актілері бар.

Диссертация материалдары бойынша автор 16 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 3 Scopus базасына кіретін басылымдарда жарық корді. Негізгі материал Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және ҚР БГМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда баяндалып, талқыланды.

Диссертация автордың өз бетінше жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалып, аяқталған ғылыми-зерттеу еңбегі болып табылады және білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарына жауап береді. Жұмыстың нәтижелері шынайы және жаңалыққа ие, ал оның авторы Мусаева Г.К. 6D080200-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық.

ҚҰАЗУ «Зооинженерия» кафедрасының
менгерушісі, ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты

